

**Кімге:** ҚР президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясы,  
Ақтөбе облысы бойынша филиалына

**Бурабай Асыланбек** - «Хромтау аудандық ауыл шаруашылығы және  
жер қатаныстары бөлімі» ММ сектор меңгерушісі

**Күні:** 14.11.2024 жыл

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Ауыл шаруашылығы саласындағы техникалар мен жабдықтауды оңтайландыру

**Кілт сөздер:** техника, машина, құрал-жабдық, техникалық парк, комбайн

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда машиналар мен жабдықтардың абсолютті санының өсу серпініне қарамастан, Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80 %-ы тозған. Қазіргі таңда пайдаланудың нормативтік мерзімі 8-10 жыл кезінде 80 %-дан астам астық жинау комбайндары мен тракторларының орташа пайдаланылған жылы 13-14 жыл,

- 71 % астық жинау комбайндары
- 93 % тракторлар
- 95 % тұқым себетін машина

есептен шығаруға жатады, ауыл шаруашылығы техникаларының қолда бар паркі жалпы 87 % шегінде тозған. 2023-2024 жылдары техниканың қатардан шығып қалуының орташа коэффициенті оң болды (жылына 0,7 %).

**Негізгі бөлім** (ситуацияны түбегейлі талдау немесе ағымдағы жағдай, қолданылатын зерттеу әдістері)

### **Бағаның жоғары болуы**

Бір орташа комбайнның құны \$350, ал тұқым себу кешені - \$500 мың тұрады. Бұл ақшаны жабдық сатып алу үшін беру және ақшаны белгіленген мерзімде 10 жыл ішінде қайтару өте үлкен тәуекел.

Біздің елімізде қазақстандық агроөнеркәсіптік кешенде еңбек өнімділігін арттырудың басқа жолы жоқ. Машина-трактор паркін жаңарту және соған байланысты заманауи ауыл шаруашылық технологияларын қолдану ғана бұл саланы көркейте алады.

Біз өзгерте алмайтын жағдайлар бар, ол - жауын-шашын мөлшері, жердің құнарлылығы. Біз тек қандай техниканы немесе қандай

технологияларды қолдану ғана қолымыздан келеді. Яғни тұқымды уақытында себу, егін жинау, шығынды азайту үшін – техниканы жаңарту керек.

Фермерлермен сұхбаттасқанда барлығының айтатыны- жаңа тракторлар мен комбайндар алғысы келетінін естиміз. Сондықтан оларға жеңілдетілген шарттармен лизинг арқылы техника беру қажет.

Қазіргі таңда 2024 жылдан бастап Ауыл шаруашылық министрлігі отандық фермерлер Шетелдік ауыл шаруашылығы техникаларын сатып алған жағдайда берілетін субсидия көлемін тоқтатты. Ал Қазақстанда жасалған ауыл шаруашылық техникаларына 30 пайыз субсидия төлейді. Бұл өз кезегінде шаруашылықтарға теріс әсерін беруде.

### **Халықаралық тәжірибе**

Болжамды кезеңде Солтүстік Американың Ауылшаруашылық техникасы нарығының орташа жылдық өсу қарқыны 7,9% құрайды деп болжануда. Фермалардың өсіп келе жатқан шоғырлануы, оң экономикалық перспективалар, үлкен өндірістік база және субсидиялар түріндегі мемлекеттік қолдауды күшейту жоғары өнімді Ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарын сатуды ынталандырады. Техника өндірушілер қауымдастығының (АЕМ) мәліметтері бойынша, 2021 жылы Солтүстік Америкада сатылған тракторлар мен комбайндардың жалпы саны 360 мың бірлікті құрады. Сол жылы АҚШ пен Канададағы ауылшаруашылық тракторлары мен комбайндарының барлық дерлік сегменттерінде сатылымдар 10% - дан астамға өсті. Кең ауылшаруашылық алқаптарының болуы Ауыл шаруашылығын механикаландыруға жоғары сұранысқа әкелді. Сонымен қатар, Солтүстік Америка аймағында ауылшаруашылық өндірісін ұлғайту үшін мониторинг технологиясымен жабдықталған интеллектуалды комбайндарды пайдалану өсуде. Еңбек шығындарының өсуі, тракторлар мен комбайндарға роботтық жүйелер мен GPS енгізу, ірі фермаларға байланысты жоғары өнімді техникаға сұраныстың артуы және өздігінен жүретін машиналардың танымалдылығының артуы болжамды кезең ішінде нарықтың өсуіне ықпал етеді деп күтілуде. Американдық ауылшаруашылық техникасының алыбы Джон дире жасанды интеллект стартапын сатып алу арқылы тракторлардағы жасанды интеллект негізінде инновациялық процесті жетілдіре бастады. Ұзақ мерзімді перспективада мұндай инновациялар технологиялық дамыған тракторларға сұранысты ынталандырады деп күтілуде. Елдегі фермерлер икемді пайыздық мөлшерлемелер мен өтеу кестелері бойынша ауылшаруашылық жабдықтары несиелері түріндегі уақтылы субсидияларды пайдалана алды. Бұл өз кезегінде тіпті шағын фермерлерге негізгі ауылшаруашылық жабдықтарына инвестиция

салуға көмектесті. АҚШ үкіметі ауылшаруашылық жабдықтарына АҚШ ауыл шаруашылығы департаментінің тікелей операциялық несиелері, АҚШ ауыл шаруашылығы департаментінің операциялық микрокредиттері және АҚШ ауыл шаруашылығы департаментінің кепілдендірілген операциялық несиелері арқылы несие береді.

## **Қорытынды**

Ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту және кеңейту мақсатында лизинг құралын және лизинг төлемдерін субсидиялау тетігін пайдалана отырып мемлекеттік қолдауды жалғастыру қажет. Ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту деңгейін жылына 10%-ға жеткізсек, алдағы 6-7 жылда 60-70% жаңартылуға тиіс. Олай болса ауылдардағы орталықтандырылған, МТС үлгісіндегі, сервистік орталықтар ашу туралы да ойланатын уақыт келді. Техникасыз ауыл шаруашылығының бірде-бір саласы жұмыс істемейді, техникасыз бірде-бір агротехнология жүзеге аспайды. Егін, мал, су шаруашылықтарының барлығындағы механизацияға өнімділік те, табыс та тікелей байланысты.

**Артықшылықтары:** Ауыл шаруашылығы құрылымдарынан үкімет тарапына ауыл шаруашылығы техникаларына төленетін утиль алымын жоя отырып, қол жетімді бағада техникалармен ауыл шаруашылығының өндірістік көлем индексінің өсуіне үлес қосу.

**Кемшіліктері:** Шетелдік делдалдық компаниялардың бағаны шектен тыс асыруы мүмкіншілігі

## **Ұсынылатын шешімдер / нұсқаулар**

Қаржыландыру институттарына мүмкіншіліктер ұсыну

2023 жылы ҚазАгроҚаржы АҚ «Өз жем-шөбіміз» атты акция жариялаған болатын. Аталмыш жобада жеңілдетілген несие шарт бойынша жылдық 6% үстемақымен 10 жыл мерзімге беріледі. Аванстық төлем лизингке алынатын техниканың 15% -нен басталады. Қаржыландыру лимиті үш техникадан аспайды. Лизинг алушыға қаржы екі жылдың ішінде бір-ақ рет беріледі.

2024 жылғы ҚазАгроҚаржы АҚ отандық өндірілген және құрастырылған ауыл шаруашылық техникасын сатып алуға қосымша 20 млрд теңге бөлінуі шеңберінде 5% - бен (**Мерзімі 7 жылдан аспайды, Бірінші лизингтік төлем 10% дан кем емес**) «Жеңілдетілген лизинг» бағдарламасын енгізді.

Осы сынды жобаларға көптеп қаржы бөліп, фермерлерге жобаның артықшылықтарын түсіндіру жұмыстарын көптеп жүргізу.

## **Қолданылған әдебиет тізімі**

1. Кеулімжанов К.Қ., Төлегенов Э.Т., Байдаулетов М.Б., Құдайбергенов Н.А. Субъектінің қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есеп шоттарының корреспонденциясы. – Алматы : Экономика,1998.

### **Қосымшалар**

<https://kostanaytany.kz/oez-zhem-shoebimiz-qandaj-baghdarlama>